

Салықтық өтініштер нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 634 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5455 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 687 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.30 № 687 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай салықтық өтініштер нысандары бекітілсін:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құжаттық тексеру жүргізу туралы;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қызметті тоқтату туралы;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшасына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшасына сәйкес салық есептілігін табыс ету мерзімін ұ з а р т у т у р а л ы ;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшасына сәйкес салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшасына сәйкес қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтаруға;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшасына сәйкес салық резиденттігін растауды алуға;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы алуға;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшасына сәйкес патент негізіндегі арнаулы салық р е ж и м і н қ о л д а н у ғ а ;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшасына сәйкес патент негізіндегі арнаулы салы қ режимін қ олдануды тоқтату туралы;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшасына сәйкес оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануға;
- 12) осы бұйрыққа 12-қосымшасына сәйкес оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануды тоқтату туралы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшасына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдануға;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшасына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдануды тоқтату туралы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен ауылдық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолдануға;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен ауылдық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолдануды тоқтату туралы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшасына сәйкес тіркеу есебіне қою туралы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшасына сәйкес тіркеу есебінен шығару туралы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшасына сәйкес жеке кәсіпкерді, жеке нотариусты, адвокатты тіркеу есебіне қою туралы;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшасына сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшасына сәйкес электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы ;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшасына сәйкес бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын өндіру, көтерме және (немесе) бөлшек сату ойынша тіркеу есебі туралы ;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес темекі бұйымдарын өндіру және (немесе) көтерме саудада сату бойынша тіркеу есебі туралы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін көтерме және (немесе) бөлшек сату бойынша тіркеу есебі туралы ;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі бойынша тіркеу есебі туралы ;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес тіркелген салық салынатын объектілерді тіркеу есебі туралы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығының асып кетуін қайтару туралы ;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшасына сәйкес грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару туралы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ және (немесе) бар екендігі туралы мәліметтерді алу үшін;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес салық міндеттемелерін орындау

бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотынан көшірме жазба алуға;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес салықтарды, басқада міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды және айыппұлдарды есепке жатқызу мен қайтаруды жүргізуге ;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы ;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы ;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын қолданған кезде туындайтын міндеттемелердің орындалуы туралы;

35) осы бұйрыққа 35- қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасының моделін мемлекеттік тізілімге енгізу туралы;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес лотереялар ұйымдастыру, өткізу және лотерея билеттерін сату бойынша тіркеу есебі туралы.

37) Салық кодексінің 279 бабы 6-тармақшасымен қарастырылған, осы бұйрықтың 38 қосымшасына сәйкес, акцизделенетін тауарларды өндіру, жинау (комплектациялау) бойынша тіркеу есебі туралы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.17 N 465 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан

Республикасының

Қаржы Министрі

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылғы 30 желтоқсандағы

N 634 бұйрығымен бекітілген

1 - қосымша

(салық органының атауы)

Құжаттық тексеру жүргізу туралы салық өтініші

(жеке кәсіпкердің, адвокаттың, жеке нотариустың аты-жөні
(атауы)/заңды тұлғаның атауы)

CTH-i

ЖСН/БСН (бар болған жағдайда)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 37 , 41 , 42-баптарына сәйкес қызметті тоқтатуға (таратуға) байланысты құжаттық тексеру жүргізуді сұраймын.

_____/_____/_____
(жеке кәсіпкердің, адвокаттың, жеке нотариустың (қолы)
аты-жөні/ тарату комиссиясының жетекшісі)

20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____
(өтінішті беру күні)

Қолданушылардың назарына!

Салықтық өтініштер нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Ескерту. 3-қосымшаға сәйкес Салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы салықтық өтініштің нысаны жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009.12.30 № 585 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2008 ЖЫЛҒЫ 30 желтоқсандағы

№ 634 бұйрығымен бекітілген

24-Қосымша

Ескерту. 24-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.17 N 465 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.

**ЭТИЛ СПИРТІ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) АЛКОГОЛЬ ӨНІМІН ӨНДІРУ,
АЛКОГОЛЬ ӨНІМІН КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) БӨЛШЕК
САУДАДА ӨТКІЗУ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ**

Қолданушылардың

назарына!

Салықтық өтініштер нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылғы 30 желтоқсандағы

N 634 бұйрығына 37-қосымша

Қазақстан Республикасының күйші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кіріс министрі м.а. 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген).

2. "ҚР аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалды жады бар бақылау-касса машиналардың Мемлекеттік тізілімін жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 27 ақпандағы N 101 бұйрығы.

3. "Арнайы салық режимінде көзделген өтініштер мен патенттер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 657 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4513 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2007 жылғы 9 ақпандағы N 21 (1224) жарияланған).

4. "Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру жөнінде өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық Комитеті Төрағасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 666 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4538 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2007 жылғы 28 ақпандағы N 31 (1234) жарияланған).

5. "Қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есептен шығару, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру, ауыстыру, күшін жою және қолданысын тоқтата тұру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2007 жылғы 25 наурыздағы N 157 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4605 болып тіркелген, нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2007 жылғы N 5, 253-

қ ұ ж а т т а ж а р и я л а н ғ а н) .

6. " С а л ы қ қ ы з м е т і о р г а н д а р ы м е н с а л ы қ т ө л е у ш і л е р (с а л ы қ а г е н т т е р і) а р а с ы н д а ғ ы э л е к т р о н д ы а қ п а р а т а л м а с у е р е ж е с і н б е к і т у т у р а л ы " Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң С а л ы қ к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң 2008 ж ы л ғ ы 8 ш і л д е д е г і N 318 б ұ й р ы ғ ы (н о р м а т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р д і м е м л е к е т т і к т і р к е у т і з і л і м і н д е N 5281 б о л ы п т і р к е л г е н , " Ю р и д и ч е с к а я г а з е т а " г а з е т і н д е 2008 ж ы л ғ ы 19 қ ы р к ү й к е т е г і N 143 (1543) ж а р и я л а н ғ а н).

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2008

ж ы л ғ ы

30

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

634

б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

38-Қосымша

Ескерту. 38-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.17 N 465 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.

САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 279-БАБЫ 6-ТАРМАҚШАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРЫН ӨНДІРУ, ЖИНАҚТАУ (ЖАБДЫҚТАУ) БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНШІ

Қ о л д а н у ш ы л а р д ы ң

н а з а р ы н а !

Салықтық өтініштер нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.